



№125 (28603)
4 ШІЛДЕ
СЕНБІ
2015 ЖЫЛ

ISSN 1999-9720
9 771999 972005

Жалпыұлттық республикалық газет • 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады • www.egemen.kz

Бүгінгі нөмірде:

Елбасы бар жерде
бақыт пен
бейбітшілік бар
4-бет

Астананың өуе
қақпасы
6-бет

Сабақтастық
7-бет

Халық аманатын
арқалаған
8-бет

Ұлттық комиссиялар – ұтымды қозғаушы күш



Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия қызметінің алдын ала қорытындыларына арналған кеңес өтті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Кеңесте 5 институттық реформаны жүзеге асырудың негізгі бағыттары қаралды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тиісті заң жобаларын Парламенттің күзгі сессиясы басталғанға дейін қарауға енгізу үшін жан-жақты пысықтаудың маңыздылығын атап өтті. Мемлекеттік аппарат реформасының басты нәтижесі оның жұмыс тиімділігін арттыру, кадр саясатында меритократия тетіктерін енгізу болуға тиіс.

Мемлекет басшысы сыйбалас жемқорлықтың алдын алуға ықпал ететін ілкімді фактор ретінде мемлекеттік қызметшілердің моральдық бет-бейнесі мен этикасына айрықша көңіл бөлген жөн екенін айтты. Сонымен қатар, сот жүйесінің институттарын оңтайландыру, судьялар корпусына үміткерлерге

қойылатын талапты қатайту, алка билер сотын қолдану саласының аясын кеңейту жөніндегі шаралар талқыланды. Мемлекет басшысы әлемдік тәжірибені дәйекті түрде зерделеуді және Астанада халықаралық арбитраж орталығын құру үшін қажетті шаралар кешенін әзірлеуді тапсырды.

Ұлттық комиссия, сондай-ақ, республикада инвестициялық тартымдылықты арттыру мен заң үстемдігін қамтамасыз ету арқылы қолайлы бизнес ахуалын қалыптастыру мәселелерін де талқылады.

Қазақстан Президенті мемлекеттің табысты дамуына сараланған және тиімді экономикалық саясат негіз болатынына назар аударды. Елде экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін бірқатар ауқымды шаралар

жүзеге асырылып жатқаны атап өтті. Атап айтқанда, негізгі мемлекеттік бағдарламалар – индустриялық-инновациялық даму және «Нұрлы Жол» ел азаматтарының әл-ауқатын арттыруға және тұрмыс жағдайларын жақсартуға бағытталған.

Нұрсұлтан Назарбаев салық, тариф, инвестиция салаларында жасалып жатқан қадамдарға жан-жақты қолдау көрсету қажеттігін, бұл олардың даму бағытын түбегейлі өзгертуі тиістігін айтты. Мемлекет басшысы экономиканың орнықты өсуінің негізгі көзі болып табылатын шағын және орта бизнеске қажетті жағдай жасау мәселесіне айрықша көңіл аударды.

Қазақстан Президенті болашағы біртұтас ұлт қалыптастыру аясында халқымыздың дәстүрлі құндылықтарын ілгерілетуге айрықша орын берілетінін айтты. Сонымен қатар, елді халықаралық қоғамдастыққа

таныту жұмыстарын одан әрі жалғастыру да маңызды. Мемлекет басшысы Қазақстанның зор туристік әлеуетін жүзеге асырудың, тиісті инфрақұрылымдар жасаудың, сапалы жобалар әзірлеудің маңыздылығын атап өтті.

Транспарентті және есеп беруші мемлекет құру негізгі реформалардың бірі болып саналады. Қазақстан Президенті мемлекеттік биліктің ашықтығын қамтамасыз ету, оның халықпен өзара іс-қимыл қағидаттарын азаматтардың мұқтаждықтарын қанағаттандыру мәселесіне мейлінше кәсіби тұрғыдан қарауды қамтамасыз ету үшін қайта қалыптау қажеттілігін айтты.

Қазақстан Президенті 5 реформа және Ұлт жоспары «100 нақты қадамды» жүзеге асыру жөніндегі барлық жұмыс оны бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты түрде түсіндіру және жариялап-көрсету ісімен қатар жүріп тиістігін атап көрсетті. Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, реформалар әрбір азаматты қамтитындықтан, жұрт елдің қандай да бір дамып жатқанын білуі және оған белсене қатысуы тиіс.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы сарапшылық қоғамдастық, азаматтық институттар қазірдің өзінде талқылаулар мен пікірталастар арқылы Ұлт жоспарының жүзеге асыру мәселесіне сындарлы ұсыныстар мен ұсыныстар енгізуі тиіс. Президенттің пікірінше, мұндай жұмысты орталықта ғана емес, өңірлерде де жүргізілген жөн.

Кеңес барысында жұмыс топтарының мүшелері Ұлттық комиссияның қазіргі қызметі туралы баяндама жасады.

Мемлекет басшысы кеңес қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.



Қазақ азаматы ғарышқа ұшады

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелерінің қатысуымен жедел кеңес өткізді, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Кеңес барысында елдің ғарыш саласын дамыту мәселелері, соның ішінде «Байқоңыр» ғарыш айлағында

«Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін салу жөніндегі жобаның іске асырылу барысы қаралды.

Қазақстан азаматының халықаралық ғарыш стансасына ұшырылуы туралы Мемлекет басшысы Н. Назарбаев пен Ресей Президенті В. Путиннің арасындағы уағдаластыққа сәйкес Айдын Аймаубетовтің кандидатурасы келісілді.

Кеңес қорытындысы бойынша Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметке бірқатар нақты тапсырма берді.

Суреттерді түсіргендер С. БОНДАРЕНКО, Б. ОТАРБАЕВ.

АЛЫП

Қай кезеңде болмасын ұлы адамдардың өмір жолы тарихшылардың да, журналистердің де, тіпті, қарапайым адамдардың да назарын аудартып, жан-жақты зерделеніп келген. Өйткені, халықтың тағдыр-ғалайына ықпал еткен адамның жетістікке жету сырын әркімнің білісі келетіні даусыз.

Соңғы жылдары Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы шыққан кітаптар мен мақалалар аз емес, бұл еңбектердің барлығын біздің Елбасымыздың бірегей тұлғасын көрсететін құнды дүниелер. Алайда, отандастарымыз бен

шетелдік оқилердің көкейіндегі сан алуан сұрақтарға тек Мемлекет басшысының өзі ғана мейлінше толық жауап бере алатыны сөзсіз.

Сондықтан да, менің ойымша, Президент Н. Назарбаевтың танымал журналист Сауытбек Абдрахмановпен жанды сұхбат түрінде құрылған «Өмір өткелдері» атты жана еңбегінің құндылығы ерекше. Бұл – Қазақстан халқының игілігі мен беделі жолындағы Елбасының алып еңбегінің маңызын паш ететін аса қызықты да мазмұнды кітап.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
Төрағасы.

Елбасының соқпақты жолы

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзіне ғана тән философиялық тереңдікпен, сондай-ақ табиғи қарапайымдылықпен өзін

өмірбаяндық еңбегі туралы былай дейді: «Өмір жолым төселген тастайдай тегіс болған жоқ, алдымнан талай кедергілер кездесті, олардың кейбірін заман қойды, кейбірін қоғам қойды, кейбірін адам қойды. Шүкіршілік, бәрінен де өтіп, бүгінгі күнге жетіп отырмын. Қазақстан халқының әлемдік өркеніет көшіне қуатты мемлекет күйінде, халықаралық қоғамдастықтың сыйлы мүшесі ретінде, бүгін бақытты, ертең еңселі ел ретінде қосылғанын көріп отырмын. Мың тәубе!».

Әлемдік тарих шынайы көш-басшылар келешегі зор міндеттер мен максаттарды дұрыс қоя білу, барлық қиындықтар мен тосқауылдарға қарамастан, оларды іске асыруға күш салу, халыққа сенім ұялатып, ұлтты дамуында жана белестеріне бастау сияқты бірегей қабілеттермен дараланатындығын көрсетіп отыр.

Жаратушы стратегке тән мұндай қасиетті кез келген саясаткер мен мемлекет басшысына дарытпаған, шынайы стратегиялық ойлау қабілетіне ие көшбасшылардың тапшылығы, өкінішке қарай, ерекше сезілетін қазіргі әлемде біздің Президентіміз сирек құбылыс болып табылады. Бірақ, Табиғаттың бергені өз алдына, Көшбасшыға тән дарын өмірдің бел-белестері мен саяси күрестерде шыңдалады. Ал мұндай жағдайлар Нұрсұлтан Әбішұлының өмірінде аз болған жоқ.

Ол әке-шешенің махаббаты мен соғыстан кейінгі ауыл өмірінің

(Соңы 3-бетте).

Татарлар тартуы

Қазан қаласындағы орталық көшелердің біріне Нұрсұлтан Назарбаев есімі берілді

Кеше Татарстан астанасы – Қазан қаласында «Нұрсұлтан Назарбаев көшесінің» ашылу салтанаты өтті. Оған Қазақстанның Ресейдегі Төтенше және өкілетті елшісі Марат Тәжин, Татарстан Президентінің міндетін атқарушы Рустам Минниханов, Татарстанның бұрынғы президенті Минтимер Шаймиев, қала мэрі Ильсур Метшин, Татарстандағы қазақ ұлттық-мәдени автономиясының басшысы Сағит Жақсыбаев қатысып, сөз сөйледі.

Динара БИТКОВА,
«Егемен Қазақстан» –
Қазаннан (Татарстан).

Қазан қаласындағы орталық көшелердің біріне Елбасы есімі берілгені жөнінде бұған дейін де хабарлаған болатынбыз. Енді, міне, көшенің атауы ресми жарияланып, салтанатты түрде ашылды.

«Ең бірінші кезекте Татарстан басшылығына, осы бастаманы жүзеге асырған қоғамдық ұйымдарға, Қазан билігіне қаланың орталық көшелерінің біріне Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімін беру бағытындағы байланысты бас-тамалары үшін шынайы ризашылығымызды білдіргім келеді.

(Соңы 2-бетте).

Дипломаттармен дидарласты

Кеше Үкімет үйінде Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев Еуропалық одаққа қатысушы елдердің дипломатиялық өкілдерінің басшыларымен кездесу өткізді, деп хабарлады Үкімет басшысының баспасөз қызметі.

Кездесу барысында Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) қалыптасуындағы әлдеқайда маңызды оқиғалар мәселелері және Қазақстан Республикасының жана шарттардағы даму перспективалары талқыланды.

Одақ жұмыс істеп келе

(Соңы 2-бетте).

Өңір назардан тыс қалмайды

Кеше Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев жұмыс сапарымен Маңғыстау облысына барды. Сапар барысында Вице-премьер өнеркәсіп кәсіпорындары, әлеуметтік нысандар жұмысымен танысып, еңбек ұжымымен кездесті және өңірді әлеуметтік дамыту мәселелері бойынша бірқатар кеңестер өткізді.

Жанаөзен қаласында Б. Сапарбаев «Өзенмұнайгаз» АҚ жер асты жабдықтарын жөндеу бойынша кәсіпорнында болып, онда өндірістік үдеріспен танысты, сондай-ақ, мұнай-газ секторы кәсіпорындарының жұмысшыларымен кездесті.

Кездесу барысында әлеуметтік саланың өзекті мәселелері бойынша мүдделі сұхбаттасу өтті, ол аяқталған соң Вице-премьер проблемалық сауалдарға жауап берді.

(Соңы 2-бетте).



